

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

Бекітемін

Меңгеруші: Бисебаева .Ә.Қ



Келісемін:

Әдіскер: Толыбаева.Ш.Р



Ата-аналармен жұмыс жоспары

Тәрбиешілер: Голикова.Н

Ажибаева М

2024-2025ж

Ата-аналармен жұмыс жоспары

№	Іс-шара атауы:	Ұйымдастыру түрі:	Өткізетін мерзімі:	Жауапты мамандар:
1	«Бал мекенім балабақшам»	1.«Бал мекенім балабақшам» ата - аналарға балабақшаның жылдық мақсатымен, күн тәртібімен таныстыру.\Тәрбиешілер\ 2.Ата - аналармен тренинг. \психолог\ 3.«Отбасы және балабақша ынтымақтастығы» баяндама. \Тәрбиеші: Ажибаева М А\ 4.Қауіпсіздік жөнінде түсіндіріп тоқталу.\Әдіскер\ 5.Ата – аналар комитетін сайлау.\Тәрбиеші : Голикова Н	Қыркүйек	Ажибаева М Голикова Н
2	«Әжемнің бір күні»	Видеоролик	Қазан	Ажибаева М Голикова Н
3	«Отбасы бақыт мекенім»	Аналармен кездесу.Ертеңгілік.(барлық топ)	Қараша	Ажибаева М Голикова Н
4	«Қош келдің-жаңа жыл»	Ертеңгілік	Желтоқсан	Ажибаева М Голикова Н
	«Бабалар дәстүрі - ұрпаққа өсиет»	Іс-шара	Қаңтар	Ажибаева М Голикова Н
5	«Әжемнің ақ батасы»	Әжені құрметтеуге тәрбиелеу. Ұлттық тәрбие мен отбасылық құндылықтарды насихаттау.Әже мен немере арасындағы байланысты насихаттау.	Ақпан	Ажибаева М Голикова Н
6 7	1. «Ана – гүл, ана - жыр, ана - өмір шуағы» атты ертеңгілігіміз сіздерге арналады. » 2.«Әз-Наурыз»	1.Анаға деген бала махаббатын ояту.Аналардың еңбегін бағалай,құрметтей білуге тәрбиелеу. 2.Ұлыстың ұлы күні туралы	Наурыз	Ажибаева М Голикова Н

		мағұлымат беру Ертеңгілік		
8	«Ынтымағы жарасқан туған өлкем»	Көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу.	Мамыр	Ажибаева М Голикова
9	«Бала шақтан- болашаққа»	Балалық шақтан, болашаққа жол. Ертеңгілік	Мамыр	Ажибаева М Голикова Н



Хаттамасы №1

«Айгөлек» тобы

Тәрбиешілер: Ажибаева М

Голикова Н

2024 жылдың қыркүйек айының 20-күні «Айгөлек» ересек тобында ата-аналар жиналысы өтті.

Қатысуға тиісті ата-аналар:25

Қатысқаны:17

Қатыспағаны: 8 (дәлелді себеппен)

Өту түрі: Ата-аналармен жоспар бойынша жиналыс болу.

Күн тәртібінде қаралған:

№1.Тақырыбы: «Бал мекенім балабақшам» .

Мақсаты:

1. Топ тәрбиешілері ата-аналармен қашықтықтан «Отбасы және бала» сауалнама жүргізеді.
2. .«Отбасы және балабақша ынтымақтастығы» тақырыбында тәрбиеші Н. Голикова баяндама оқиды. Пікір алысу.
3. «Күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметі жоспары, ата-ана, тәрбие жұмыстарының жоспарларымен таныстыру
4. Ата-аналар комитетін сайлау. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші:Ажибаева Мансия жаңа оқу жылының оқу жоспарымен, іс-шара жоспарларымен және балабақшаның биылғы жылдық мақсаттарымен таныстырып өтті.

«Ересек топтың күн тәртібі мен сабақ кестесін сақтау» ережелерін орындау, баяндама тыңдалды.

Баланың өмірі мен денсаулығы – әрбір ата-ана мен тәрбиешінің ең басты міндеті. Ересек топ – баланың мектепке дейінгі ең жауапты кезеңі. Осыған орай, балабақшаның жылдық мақсаты – балалардың зияткерлік, шығармашылық және тұлғалық қасиеттерін дамыта отырып, оларды мектеп алды даярлықтан сапалы өткізу. Балалардың қалыпты дамуы үшін күн тәртібін (режимді) қатаң сақтау, сабақтарға уақытылы қатысуын қамтамасыз ету басты назарда болады. Ересек топта сабақ ұзақтығы 25-30 минутты құрайды, сондықтан балалардың таңертең сағат 08:00-ден қалмай келуі міндетті.

Үйде және балабақшада күн тәртібі мен тәртіпті сақтау — ортақ жауапкершілік.

Құрметті ата-аналар, бала тәрбиесі мен дайындығы – тек балабақшаның немесе ата-ананың емес, баршамыздың ортақ міндетіміз. Біз бірлесе отырып, балалардың сапалы білім алып, жан-жақты дамуын қамтамасыз ете аламыз. Сіздер балаларды тәрбиелеудегі негізгі тұлғасыздар және сіздердің күнделікті іс-әрекеттеріңіз бен қолдауларыңыз олардың болашағына айтарлықтай әсер етеді. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында отбасы мен балабақша байланысы биылғы жылы да нығая түспек.

Шешімі:

1. 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспарлары мен балабақшаның жылдық мақсат-міндеттері жүзеге асырылып қанағаттандырылсын! Жауапты тәрбиешілер:

Ажибаева М, Голикова Н .

2. Ересек топтың бекітілген күн тәртібі мен сабақ кестесін сақтау ережелерін орындау балабақша мен ата-ана болып бірлесе жұмыстану қажет деп танылды.

3. Ата-ана комитеті бір ауыздан жаңадан ата-ана комитетін сайлансын:

Төрайымы: Каракеева Г

Мүшелері:Салимгереева Ж

Тажибаева А

Шакенова А

4. «Айгөлек» ересек тобындағы кезекті ата-аналар жиналысында қаралған мәселелерді бір ауыздан мақұлдап, «Айгөлек» тобының балаларына жаңа оқу жылына сәттілік тіледі.

Қаулы:

Ата-аналармен бірлесіп балалардың сабаққа қатысуымен күн тәртібінің сақталуына, тәрбиешілермен бірлескен жоспарларды жүзеге асырып қорытындысын шығарып отыру.

Төрайымы:Ажибаева М

Хатшысы:Голикова Н.



«Отбасы және балабақша ынтымақтастығы» баяндама

Тәрбиешілер: Голикова.Н

Ажибаева.М

2024-2025ж

Түзетілгендігі:
Жар.

«Отбасы және балабақша ынтымақтастығы» баяндама

Қазіргі қоғамда бала тәрбиесі — ең маңызды міндеттердің бірі. Баланың тұлға болып қалыптасуына ең алдымен отбасы, содан кейін балабақша ықпал етеді. Сондықтан отбасы мен балабақша арасындағы тығыз байланыс — сапалы тәрбиенің негізі.

Отбасы — баланың алғашқы тәрбиелік ортасы. Бала ең алғашқы мейірімділікті, қамқорлықты, адамгершілікті отбасынан үйренеді. Ал балабақша осы тәрбиені жалғастырып, баланың жан-жақты дамуына жағдай жасайды. Егер ата-ана мен тәрбиеші бірлесе жұмыс жасаса, баланың тәрбиесі мен дамуы нәтижелі болады.

Балабақша мен отбасы ынтымақтастығының негізгі мақсаты — балаға қолайлы орта қалыптастыру, оның қабілетін дамыту, тәрбиелеу және әлеуметтендіру. Осы мақсатта балабақшада түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады:

ата-аналар жиналысы;

ашық оқу қызметтері;

мерекелік кештер;

спорттық жарыстар;

көрмелер мен байқаулар;

тренингтер мен кеңестер.

Ата-ананың балабақша өміріне белсенді қатысуы баланың өзіне деген сенімін арттырады. Бала ата-анасының қолдауын сезініп, ортаға тез бейімделеді. Сонымен қатар ата-аналар тәрбиешінің жұмысымен танысып, бала тәрбиесіндегі ортақ міндеттерді түсінеді.

Тәрбиеші мен ата-ана арасындағы сыйластық, сенім және ашық қарым-қатынас өте маңызды. Ынтымақтастық болған жерде бала тәрбиесі де нәтижелі болады. Сондықтан әрбір ата-ана балабақшамен тығыз байланыста болып, бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауы қажет.

Қорытындылай келе, отбасы мен балабақша — бала тәрбиесіндегі біртұтас орта. Екі жақтың бірлескен еңбегі арқылы тәрбиелі, білімді, мейірімді ұрпақ өсіп шығады. «Бала тәрбиесі — баршаның ісі» дегендей, келешек ұрпақтың жарқын болашағы үшін отбасы мен балабақша әрқашан ынтымақтастықта болуы тиіс.

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны



«Отбасы бақыт мекені»

Тәрбиешілер: Голикова.Н

Ажибаева.М

2024-2025ж

Тексерілді:
А.А.

Тақырыбы: «Отбасы бақыт мекені»

Мақсаты: Ата-ана мен балаларды дөңгелек үстелге қатыстыра отырып, олардың отбасылық тәрбие туралы білімдерін кеңейту. Ата-аналардың белсенділігін көтеру және ынтымақтастықты нығайта отырып отбасы мен балабақша арасындағы байланысты күшейту.

Жүргізуші: Құрметті балабақша ұжымы, ата-аналар, балалар бүгінгі отбасы күні мерекелеріміз құтты болсын. «Бала-әр ата-ананың болашағы. Ол оның өмірінің жалғасы.» деген сөз бар. Адамның өзге тіршілік иесінен айырмашылығы – дүниеге перзент әкелген соң оның болашағын ойлауы, адам етіп тәрбиелеуі. Бала тәрбиесі бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның мемлекеттік абройы міндеті. Кезінде Әбунасыр Әл-фараби бабамыз «Ғлым емес, ең алдымен тәрбиеге көңіл бөлу керек, тәрбиесіз адамға ғылым баянды болмайды» демен пе еді. Олай болса «Отбасы бақыт мекені» атты мерекелік шарамызға қош келдіңіздер.

Анаң-күнің жүрегің,

Әкең-өмір тірегің.

Әжең-асыл ардағың,

Атаң-дана қорғаның.

Ағаң – қамқор асқарың,

Інің-мөлдір аспаның-дей келе ортаға балабақшамыздың бітіріп кеткен түлегіміз Құмар қызы Даяна анасы Шәутенова Бұлбұлмен «Ана мен бала» мерекелік құттықтау әнін қабыл алыңыздар.

Енді біз мерекелік шарамызды бастамас бұрын әр топ өз ұнататын түстерімен киініп келген екен. Ендеше осы түстер бойынша өз ерекшеліктерімен таныстырып өтейін

1. Ақ түспен киініп келген «Балапан» тобынан Шотов Алтынбек отбасымен

Ақ түс: Жинақы, адал ниетті адамдар болып табылады. Көп жағдайда олар талап қоя біледі. Өз мақсатына жететін, дарынды әрі мәдениет саласында өнерлі жұп.

2. Қара түспен киініп келген «Күншуақ» тобынан Нұршиндар отбасымен

Қара түс: Табандылық, қажырлық, қайсарлық, өжеттік, тұрақтылық, шыдамдылықпен қырағылықпен, білгірлікпен, сенімділік белгісі.

1. «Сыңарыңды тап» 4 сұрақтан алады

Сіздер қорапшадан нақыл сөздердің жартысы жазылған карточкалар аласыздар. Нақыл сөзді тұтас құрап, мағынасын түсіндіресіздер.

1.Қызы анадан үйренбей өнеге алмас,

Ұл атадан үйренбей сапар шекпес.

2.Ең жақсы тәртіп мектебі-бұл отбасы

3.Жақсы отбасында жазалау деген болмайды.Ал бұл-отбасы тәрбиесінің ең дұрыс жолы.

4.Адам өміріндегі ең үлкен қуаныш-бала сүю

5.Атасынан ақыл алса ,тентек ұл да жөнделер.

6.Ата-ананың ақылы-қазулы қара жолмен тең.

7.Әке көрген оқ жонар-ана көрген тон пішер.

8.Отбасының сәні –сыйластық

Достың сәні қимастық.

2.Балаңызды танысыза?

1.Мамаң сені қалай еркелетеді?

2.Сүйікті ойыншығың қандай?

3.Қандай тағамды ұнатасың?

4.Отбасының тірегі кім?

3.Ойын «Кім жылдам?»»

Әкелер картоп қабығын үзбей аршып беруі қажет.

Тәрбиеші: Әкелеріміз картоп аршып болғанша Отбасы мерекесімен Аянат пен Қаракөздің құттықтау тақпақтарын қабыл алыңыздар

Аянат:Атамнан басталар,

Әжемнен қосталар.

Отбасы мыналар:

Ең жақын адамдар,

Әкем мен анам бар.

Бір туған ағам бар,

Бір туған апам бар.

Бәрін жақсы көремін,

Еркелеймін еремін.

Қаракөз:Отбасым менің-бақытым

Отбасым менің –шаттығым.

Отбасым барда ешқашан,

Үзілмес менің үмітім.

4.Ата мұраң асыл қазынаң

Шарды жару арқылы мақал-мәтел жалғасын табу.

1.Отан қуат,

Отбасы шуақ.

2.Отбасынан бас кетсе,

Қазаннан ас кетеді.

3.Сіз , біз деген жылы сөз,

Ағайынға жарасар.

4.Енесі тепкен құлынның еті ауырмас.

5.Ат болатын тай саяққа үйір,

Адам болатын бала қонаққа үйір.

6.Өз балаңды өскенше

Немерені өлгенше бағаасың

7.Балалы үйдің ұрлығы жатпас

8.Қонақ асына емес қабақ-қасыңа риза.

5. «Бақытты Отбасы»тақырыбында суреттер салып қорғайды.

6. «Ашық микрофон»Әр Отбасы өздері туралы әңгімелеу.

7.Отбасылық сұрақтар

1.Отбасы дегеніміз не?

2.Қазақ халқының қай салт дәстүрі сіздің отбасында сақталған?

3.Сіз үшін бала деген кім?

4.Сіз балаңызды таңетеңгі ұйқыдан қаалай оятасыз?

5.Балаңыздың тәтті қылыықтары?

6.Баланы еркін тәрбиелеген дұрыс па, қатаң тәрбиелеген дұрыс па?

7.Баланың атасы мен әжесінің тәрбиесінде ,атасы мен әжесінің баласы болуына қалай қарайсыздар?

Тәрбиеші: Келесі сөз кезегін балабақша меңгерушісі Бисебаева Әсел Қаржау қызына беріледі.

Құрметті ата-аналар ,балабақша ұжымы бүгінгі «Отбасы бақыт мекені» тақырыбында отбасындағы ынтымақтың ,бірлік пен берекенің тығыз болу мақсатында ұйымдастырылып отырған мерекелік шарамыз осымен аяқталды.Алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп-көп рақмет.

1.Қызы анадан үйренбей өнеге алмас,

2.Ең жақсы тәртіп мектебі-

3.Жақсы отбасында жазалау деген болмайды.Ал бұл-

4.Адам өміріндегі ең үлкен қуаныш-

5.Атасынан ақыл алса ,

6.Ата-ананың ақылы-

7.Әке көрген оқ жонар-

8.Отбасының сәні –сыйластық

Мақалдар

- 1.Отан қуат,
- 2.Отбасынан бас кетсе,
- 3.Сіз , біз деген жылы сөз,
- 4.Енесі тепкен құлынның
- 5.Ат болатын тай саяққа үйір,
- 6.Өз балаңды өскенше
- 7.Балалы үйдің
- 8.Қонақ асына емес қабақ-



«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны



«Қош келдің жаңа жыл!»

Тәрбиешілер: Голикова.Н

Ажибаева.М

2024-2025ж

Тексерілді:
Аяз

Тақырыбы: «Қош келдің жаңа жыл!»

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар, балабақша ұжымы және күшкентай бүлдіршіндер келіп жеткен жаңа жылымыз құтты болын. Жаңа жыл молшылық, табыс, жақсылық әкелсін.

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.

Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді,

Бақыт, шаттық молшылық әкелсін.

Бәрімізге мына жыл арайлы,

Тәрбиеші:

Құтты болсын ағайын.

Жаңа жылым тағы да,

Қол соғып қарсы алайық

Шақырайық ортаға

Ертеңгілік басталсын,

«Ботақанның» тобында . «Ботақан» тобының бүлдіршіндерін ортаға шақырайық. (Балалар келіп шыршаны айналып тұрады.)

Тәрбиеші: «Хор» «Шырша жыры»

Тәрбиеші: Балалар айтыңдаршы жылда жаңа жылға бізге қонаққа кім келуші еді?

Балалар: Аяз – ата, Ақшақар

Тәрбиеші: Қанекей ендеше бәріміз бірге шақырайық.

Балалар: Аяз-ата, Аяз-ата, Ақшақар аууу-уууу.

Аяз – ата: Мен қысқы ұйқыда болатынмын. Қатты айқай шу тасыр-тұсыр шошып ояндым. Не болып қалды деп сұрап едім. Бәрінің айтатындары бір ақ сөз. Жаңа жыл келіп қалды, жаңа жыл диді.

Аяз-ата: Балалар менің сіздерге алыс сапардан алып келген сыйлығым бар.

Ақшақар қызым мына дорбанын аузын ашып балаларымызға сыйлығымызды таратайық.

Ғажайып сәт:

Қаптың ішінен сайқымазақтар шығу сәті.

Сайқымазақтар:

Амансыңдарма балалар!Иә бұл біз сайқымазақтармыз.Бізді ораудан алып шыққандарың қандай жақсы болды.Ол жерде тар,әрі қап-қараңғы.Ал мұнда сондай тамаша екен.Бізде сендермен жаңа жылды қарсы алайықшы.Сіздермен бірге қызықты ойындар ойнайық.

Тәрбиеші: Қош келдіңіздер сайқымазақтар.Біздермен бірге болыңыздар.Аяз-ата сіздер алыс жолдан келдіңіздер.Біздің балаларымыздың дайындаған сіздерге әндері,тақпақтары ,билері бар.Ендеше ортаға балаларымызды шақырайық.

Нияз:

Безендіріп шыршаны,
Жыл қуантты баршаны.
Той маскарад басталды
Аяз оны басқарды.

Нұрғиса:

Аппақ тоңға оранып,
Базарлықты мол алып.
Келді алыс сапардан,
Аяз ата оралып.

Ақбибі:

Аспан жерге төгеді,
Ақ күмісін уыстап.
Жаңа жылда келеді,
Бізге қарай жылыстап.

Төлеген:

Әдемілеп біз ілген,
Ойыншықтар тізілген.
Қандай әсем шыршамыз,
Ән шырқайық баршамыз.

Әмина:

Жаңа жылда балалар ,
Тек қуаныш көріңдер.
Ауырмандар ешқашан,

Мықты болып өсіңдер.

Томирис:

Аяз ата келіп тұр,

Бізге сәлем беріп тұр.

Сақалынын ұзынай ,

Кесіп алсам шіркінай.

Тәрбиеші:

Әуеледі әніміз,

Жаңа кірді сәніміз.

Микки маусты ортаға алып

Би билесін дөңгелеп.

Ортаға көңілді Микки маустарымызды шақырамыз.

Тәрбиеші:Жарайсыңдар балалар биді жақсы биледіңдер.Енді кезекті осы шыршамызға арналған тақпақтарға берейік.

Аяла:

Сылдырлайды моншағы,

Шыршамыздың мол шамы.

Жаңа жылмен жайдары,

Құттықтаймыз баршаны.

Айару.Е:

Ақ қырауға малынған,

Сақалы да мұртыда.

Аяз ата сағынған ,

Сәлем берді жұртына.

Ширхан:

Шыршамызда керемет,

Ойыншықтар тағылған.

Алыс жақтан келіп тұр,

Аяз ата сағынған.

Ерқасым:

Жаңа жылым мол болсын,
Басқан қадам оң болсын.
Төрле-төрле жаңа жыл,
Бізге құтты жыл болсын.

Жанерке:

Далада қар борайды,
Ақ мамыққа орайды.
Мұз болады қатады,
Жып-жылтыр болып жатады.

Бейбарыс:

Оралды өлкеме,
Жаңа жыл армысын.
Оранды ақ көрпе ,
Асқар тау ,қарлы шын.

Тәрбиеші:Ортаға қояндарымызды шақырайық.Би «Ақ қояндар»

Тәрбиеші: Жарайсыңдар қояндар биді жақсы биледіңдер.Енді бізге қонаққа келген сайқымазақтарымыздың сіздерге арнап әкелген ойыындары бар екен .Ойын ойнағыларыңыз келе ме?Ендеше сайқымазақтармен ойын ойнайық.

: **Тәрбиеші** Келесі кезекті тақпақтарға берейік.Ортаға

Ұлдана:

Жасыл желек жамылған,
Асыл моншақ тағылған.
Міне сұлу шыршамыз,
Көптен күтіп сағынған.

Жарасқан:

Жылдың әнін бастайын,
Аяз-ата кеп қалды.
Майысады жас қайын,
Көтере алмай көп қарды.

Мәдина:

Бақша іші мереке,
Ойын күлкі асқақ ән.
Жақсы әпкелер жаңа кеп,
Мерекені бастаған.

Ақнұр:

Жаңа жылды қарсы алдық,
Мініп алып күймеге.
Мен де бүгін ән салдым,
Араласып биге де.

Мадияр:

Қалып едік сағынып,
Күтіп алдық жабылып.
Жолын қойдық жарық қып,
Шыршаларға шам іліп.

Рамазан:

Аяз ата ,ақша қар,
Келді жаңа жылымыз.
Ақшақардай әдемі,
Болсын жаңа күніміз.
Тәрбиеші: Хор «

Айару Н

Кел жаңа жыл,жаңа жыл
Айеалама шашып нұр.
Шыршаны біз айнала,
Ән шырқайық айтып жыр.

Қаракөз

Құтты болсын достарым,
Келді жаңа жылымыз.
Таусылмасын бітпесін
Өніміз бен жырымыз.

Әлім:

Тамаша,тамаша,
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы,
Көз тоймайды қараса.

Төренұр:

Аяз ата келіп тұр,
Бізге сәлем беріп тұр.
Тақпақ айтқан балаға,
Сыйлықтарын беріп тұр.

Сұлтан:

Жаңа жылым мол болсын,
Басқан қадам оң болсын.
Төрле,төрле жаңа жыл,
Бізге құтты жыл болсын.

Айдай:

Аппақ,аппақ,Жапалақтап.
Қар жауады тыңбастан,
Қалың орман қар жамылған,
Маужырайды түнгі аспан.
Тәрбиеші: Би «Гномдар»

Тәрбиеші: Құрметті ата-аналар ертеңгілігіміз аяқталуға таяп қалды келесі сөз кезегін балабақша меңгерушісі Бисебаева Әсел Қаржау қызына береміз.

Тәрбиеші:Құрметті ата-аналар жаңа жылдық мерекеміз аяқталды.Көріп тамашалағандарыңызға рахмет.

Жаңа жылымыз құтты болсын

Берекелі жыл болсын.

Ырыс несібе көп болсын.

Бүлдіршіндер шат болсын,

Аман болсын еліміз,

Тыныш болсын жеріміз.

Берекелі бақытты

Құтты болсын жылан жылымыз.-деп бүгінгі ертеңгілігіміз осымен аяқталды.



«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны



«Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет»

Тәрбиешілер: Голикова.Н

Ажибаева.М

2024-2025ж

«Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет»

Мақсаты:

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, балаларға қазақ халқының салт-дәстүрін таныстыру, ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайту.

Міндеттері:

Балаларды ұлттық дәстүрлермен таныстыру;

Үлкенді сыйлауға, әдептілікке тәрбиелеу;

Ата-ана мен баланың бірлескен шығармашылығын дамыту;

Отбасылық тәрбиенің маңызын арттыру.

Ұйымдастыру түрі:

Танымдық-мерекелік кеш

Қатысушылар:

Тәрбиеші, ата-аналар, тәрбиеленушілер

Көрнекіліктер:

Қазақы бұрыш

Ұлттық киімдер

Домбыра

Қамшы, бесік, ою-өрнектер

Шарлар, нақыл сөздер

Іс-шара барысы

I. Кіріспе бөлім

Тәрбиеші: Құрметті ата-аналар, балалар!

Бүгінгі «Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет» атты тәрбиелік кешімізге қош келдіңіздер!

Халқымыздың салт-дәстүрі — ұрпаққа қалған асыл мұра. Бүгін біз ұлттық құндылықтарымызды бірге дәріптейміз.

II. Таныстыру бөлімі

Әр отбасы өздерін ұлттық нақышта таныстырады.

Мысалы:

отбасы атауы;

ұлттық киім үлгісі;
қысқа тілек немесе ұран.

III. Өнер бөлімі

Балалар:

тақпақ айтады;
ұлттық би билейді;
ән орындайды.

Ата-аналар:

мақал-мәтел жалғастыру;
салт-дәстүр туралы қысқаша әңгімелеу.

IV. Қамшы өру

Атасы немересіне қамшы өруді үйрету.

Балалармен бірге көңілді ойын ұйымдастырылады.

«Кім жылдам?»

Ұлттық бұйымдарды атау сайысы.

V. Шығармашылық бөлім

Ою-өрнек құрастыру;

Қолөнер көрмесі;

«Менің ұлттық отбасым» фотокөрмесі.

VI. Қорытынды

Тәрбиеші: Дәстүрін құрметтеген елдің болашағы жарқын болады.

Бүгінгі кешке белсенді қатысқан аталар мен балаларға алғыс білдіреміз!

Марапаттау, естелік суретке түсу.





«Әжемнің ақ батасы»

Тәрбиешілер: Голикова.Н

Ажибаева.М

Тақырыбы: «Әжемнің ақ батасы»

Мақсаты:

Әжені құрметтеуге тәрбиелеу, ұлттық тәрбие мен отбасылық құндылықтарды насихаттау, әже мен немере арасындағы байланысты нығайту.

Міндеттері:

Балаларға үлкенді сыйлау дәстүрін үйрету;

Әжелердің өнегелі тәрбиесін үлгі ету;

Ұлттық салт-дәстүрге қызығушылықтарын арттыру;

Әже мен немеренің өнерін дамыту.

Ұйымдастыру түрі:

Тәрбиелік-мерекелік кеш

Қатысушылар:

Әжелер, немерелер, тәрбиешілер

Көрнекіліктер:

Қазақы безендіру

Домбыра

Ою-өрнектер

Гүлдер, шарлар

Нақыл сөздер

Іс-шара барысы

I. Кіріспе бөлім

Жүргізуші: Армысыздар, қадірлі әжелер мен бүлдіршіндер!

«Әжемнің ақ батасы» атты мерекелік кешімізге қош келдіңіздер!

Әже — отбасының берекесі, тәрбиенің алтын қазығы. Әженің мейірімі мен ақ батасы әр балаға күш береді.

II. Әже мен немере таныстыруы

Әр жұп өздерін таныстырады.

Мысалы:

әженің есімі;

немеренің есімі;

отбасы туралы қысқа тілек.

III. Өнер бөлімі

Немерелер:

тақпақ айтады;

ән орындайды;

би билейді.

Тақпақ :

Әжем менің ақ әжем,

Ақылғөйім дана әжем.

Мейірімге толы жан,

Ардақтаймын мен сізді!

Әжелер:

бата береді;

бесік жыры айтады;

ұлттық тәрбие туралы қысқаша әңгімелейді.

IV. Ойындар

«Кім шапшаң?»

Әже мен немере бірге орамал жинайды.

«Мақал жалғастыр»

Жүргізуші мақалдың басын айтады, әжелер жалғастырады.

«Қолөнер шебері»

Түйме қадау немесе ою құрастыру сайысы.

V. Ақ бата бөлімі

Әжелер немерелеріне ақ тілектерін айтып, бата береді.

Мысалы: Ақылың мол болсын,

Жолыңа нұр қонсын.

Ата-анаңды сыйлайтын,

Елге сыйлы ұл-қыз бол!

VI. Қорытынды

Жүргізуші: Әженің тәрбиесі — сарқылмас қазына.

Бүгінгі кешке қатысқан әжелерімізге және бүлдіршіндерімізге алғыс айтамыз!

Марапаттау, естелік суретке түсу.





«Ана – гүл, ана - жыр, ана - өмір шуағы»

Айгөлек тобы

Тәрбиешілер: Голикова.Н

Ажибаева.М

Тексерілді:
Дар

Тәрбиеші: Қош келдіңіздер! Аяулы әжелер, аналар, қызғалдақ қыздар, қадірлі тәрбиешілер!

Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып сегізінші наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі де келіп жетті. Осындай көркем мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны аналарға ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнген емес. Олар өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі. Бүгінгі «Ана – гүл, ана - жыр, ана - өмір шуағы» атты ертеңгілігіміз сіздерге арналады.

Тәрбиеші:

Әжелер , абзал аналар,

Ару қыздар! Сіздерді көктемнің алғашқы мерекесі 8-ші наурыз аналар мерекесімен құттықтаймыз.Әрқашан дендеріңіз сау , көңілдеріңіз көктем күніндей шуақты ,көктем гүлдеріндей нәзік те,жайдары болсын деп тілейміз.Бүгінгі балаларымыздың мерекеге арнаған тақпақтарын қабыл алыңыздар.

Айзере: Сенен өскен балалар

Батырлар мен даналар

Құттықтаймыз мейраммен

Құрметті жан аналар.

Әлім: Ақ анашым ,аппағым

Өзің жәйлі тақпағың.

Өзің жәйлі әнің де

Арнадым саған бәрінде.

Жанерке:Шашымды өріп тараған

Қабағыма қараған.

Үлкен кіші демейді

Сыйлайды оны бар адам.

Айсұлтан:Мәпелейсің мені анам

Қолыңдағы құсыңдай.

Құлпыра өсіп,дем алам

Құшағыңда қысылмай.

Ершат: Ана біздің күніміз,
Ана біздің гүліміз.
Бізді ана қуантып
Ұзақ өмір сүріңіз.

Тәрбиеші: Барша аналарды бүгінгі мерекемен құттықтап Ортаға Темірлан ұлы
Айдархан «Ана деп ән салам» әнімен қабыл алыңыздар.

Би : «Көңілді көктем» Ортаға Аяла Айзере Аяулым

Гүлназ: Ананың әрбір сөзі жылылыққа толы. Ананың көз нұры, мейірімі тастай мұзды
да жібітеді. Сүйікті аналар, сіздерге деген балаларымыздың жылы лебіздерін қабыл
алыңыздар.

Тақпақтар:

Алтайыр: Анам мені айым дейді
Мен мұңайсам уайым жейді.
Анам мені күнім дейді
Мен қуансам күлімдейді.

Бақдәулет: Анам-өмір шырағы
Анам-өмір бұлағы.
Бесігімнің жыр әні
Жүрегімде тұрады.

Ералы : Ақ сүт берген балаңа
Күш жүгерін жұмсаған.
Бұл өмірде жан ана
Тең келеді кім саған.

Қадір: Тірегі болып жанында
Бірге еріп жүремін.
Жанашырым жанымда
Тек әжем деп білемін.

Айдарханның орындауында «Ана сен бақыттысың»

Жадыра: «Қыздар-ай» әнімен ортаға ұлдарымызды шақырамыз.

Ұлдарымыз барша қыздарды мерекелерімен құттықтап «Джентілмен»биін қабыл
алыңыздар.

Жадыра : Ортаға Нұрлыжан.Нұрқанат.Мерейлім.Димош.Аяланы.А аналарымыздың мерекесіне арналған тақпақтарын қабыл алыңыздар

Нұрлыжан: Аналарды сүйеміз

Сөзін ойға түйеміз.

Әжені де ардақтап

Әдеппен бас иеміз.

Нұрқанат: Бөбегімнің сыйлығын

Қабыл алшы анашым.

Ұзақ өмір жүз жасап,

Ауырмашы анашым.

Мерейлім: Жанымызды жәйнатқан

Сіздер ғой ол аналар.

Зор денсаулық мол бақыт

Тілейміз біз аналар.

Димош: Аппақ мамам ,ақ мамам

Ақ мамам деп мақтанам.

Түн ұйқыңды төрт бөліп,

Бөпешім деп жатпаған.

Аяла.А Анам менің сүйіктім

Тек өзіңе табынам.

Қасымда жүрсең биікпін,

Алыстасаң сағынам.

Бүгінгі мереке күні әжелерімізді де мерекелеріңізбен құттықтаймыз. «Қариясы бар үйдің, қазынасы бар» деп бекер айтылмаған. Келесі құттықтауларымыз сіздерге арналады құрметті әжелер.

Хор «Әжетайым»

Мансия:Ортаға Назерке .Аяулым.Амандық.Аяла.Б. Аянат.Фариза әжелерімізді құттықтап тақпақтарын айтып береді.

Назерке: Тәттілерін сақтайды

Назеркеме берем деп

Мен тілеймін әрқашан

Әжем аман болсын деп.

Аяулым: Әжем менің асыл жан
Жақсылыққа үйретіп
Жамандықтан шектейді
Әжеме ешкім жетпейді.

Амандық: Әжем менің, ақ әжем
Ақыл беріп үйреткен.
Аппақ әжем, пәк әжем
Мейіріммен тербеткен.

Аяла.Б Аман болсын басыңыз
Ағармасын шашыңыз.
Шөбере сүйіп әлі де,
Жүзге жетсін жасыңыз.

Аянат: Ақ әжемді әрқашан
Сыйлап жақсы көремін.
Қуантайын деп оны
Өлең айтып беремін.

Фариза: Өзің мені өсірген
Айналайын ақ әжем.
Тентек болсам кешірген
Ауырмашы жан әжем.

Мансия: Ойын «Көзінен таны»

Жадыра :Ортаға :Ибрахим. Жанәділ. Ернұр. Қолқанат. Райымбектің мерекелік
тақпақтарын қабыл алыңыздар.

Ибрахим: Анаң болса қасыңда

Басқа бақыт не керек.

Аналардың жүрегі

Мейірімді ғой керемет.

Жанәділ: Сырымды ұғатын

Өзіңсің қуатым.

Күнімсің шығатын

Айымсың туатын.

Ернұр: Аялы алақан

Өлпештеп өсірген.

Аяулы жан анам

Қатемді кешірген.

Қолқанат: Мәпелейсің мені анам

Қолыңдағы құсындай.

Құлпыра өсіп,дем алам

Құшағыңда қысылмай.

Райымбек: Жарқын жүзді жан анам

Сендей болсын бар адам.

Сендей болса бар адам

Шаттық кетпес баладан.

Надежда: Күндеріңіз толсын гүлге, желекке

Отбасында болсын ырыс-береке

Құттықтаймыз шын жүректен сіздерді

**Өмір-думан, бақ әкелсін мереке -дей отыра бүгінгі мерекеге арналған
ертеңгілігіміз аяқталды, келіп тамашалағандарыңызға көп рахмет.**





« Қош келдің, Өз Наурыз!»

Тәрбиешілер: Голикова.Н

Ажибаева.М

Тексерілді:
Аманжол

Тақырыбы: Қош келдің, Әз Наурыз!

Мақсаты: Наурыз айының шығыс халықтарында жыл басы саналатындығын балалар санасына жеткізу. Наурыздың 22 - сінде күн мен түннің теңелетіндігін, одан кейінгі күндері күннің ұзарып, түннің қысқаратындығын айтып түсіндіру. Балаларға Наурыз мерекесін қалай атап өтетіндігін таныстыру. Ұлттық салт - дәстүрлерді құрметтеп, оларды мақтан етуге тәрбиелеу.

Тәрбиеші:

Наурыз айы жүректерге нұр сепкен,
Мандайымнан сүйіп жатыр нұр көктем
Жарығымен, шуағымен Күн - Ана
Алып келдің жер бетіне нұр көктем!
Осыншама жақсылық,
Алып келдің Наурызым!
Төрлет бізге нұр болып,
Шуақ шашып нұр жүзің!
Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Тәрбиеші: Балалар, қонақтар бүгін қасиетті күн. Бұл мейрамда ерекше қалыптасқан салтдәстүр бар. Ұлыстың ұлы күні бір бірімен араз адамдар татуласып, бір біріне деген өкпесін кешіреді. Қатал, қайырымсыз адамдар мейірімді болып, арам адамдар шыншылға айналады. Оның айқын дәлелі осы күні адамдар бір бірімен құшақтасып, көрісіп амандасуы.

Жер шарын мекендеген ұлттар мен елдердің сан түрлі мейрамы бар. Ал Наурыз - қазақ халқының шын мағынасындағы ұлттық мейрамы. Бұ күн мен түн теңелетін мереке. Сондықтанда халқымыз Наурызды «Жыл басы», «Ұлыстың ұлы күні» деп атайды.

Қазақ халқының күнтізбесі бойынша Наурыз мерекесі көктеммен бірге келеді. Өйткені көктемде жер дүние жасарып, жаңарады, өмірге қайта келеді. Осы тіршілікпен бірге, адамдардың да өмірі жандалады, жайнай түседі. Олай болса, бүкіл тіршілік атаулыны жаңартып, жақсартқан Наурызға шын ниетпен «Қош келдің, Әз Наурыз!» деп атайық. Балалар хормен: «Қош келдің, Әз Наурыз!»

Тәрбиеші: Ұлыстың ұлы күнін, яғни төл мейрамымызды қазақ халқының ұлттық биімен ашқымыз келіп отыр

Би: «Қазақ биі»

Т:- Балалар біздер қандай мерекені тойлап жатырмыз?

Б: - Наурыз мерекесін тойлап жатырмыз.

- Балалар бізге Наурызда келіп қалыпты.

Көктем:- Мен Көктеммін өзіммен бірге аналар мерекесін және ұлыстың ұлы күні наурыз мерекелерін ала келдім. Мерекелеріңіз мерекеге ұлассын.

Тәрбиеші: Келесі кезекті осынау қасиетті мерекеге арналған тақпақтарға береміз.

Адина:

Құтты болсын Наурыз
Жалқаулық қос жауымыз
Дала толы егіске,
Малға толсын тауымыз

Айжұлдыз:

Наурыз тойы әдемі,
Әжем еске түсірді
Біздерге арнап әдемі,
Наурыз көже пісірді.

Нұрислам.Ж:

Кел балалар ойнайық,
Наурыз тойын тойлайық
Баянды боп мереке
Қыр гүліндей жайнайық

Жанұлан.С:

Ұлыс оң болсын. Ақ мол болсын!
Қайда барсаң, жол болсын.

Айсұлу:

Төрт түлік ақты болсын,
Ұлыс береке берсін,
Бәле – жәле жерге енсін

Ахмедияр:

Арпа, бидай, тары бар
Қатық, малта, тағы бар
Ішілетін, жейтінің
Бұл көжеде бәрі бар.

Тәрбиеші: Ой балалар жарайсындар, бәрекелді. Осындай мереке күні ауылға барып, әжелерімізді Ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесімен құттықтап қайтайық.
Тәрбиеші балалармен бірге ауылға музыка ырғағымен кіріп келеді. Онда көже ішіп отырған аталар мен әжелер қонақтарды орындарынан тұрып қарсы алды. Әже балаларға наурыз көже ұсынады.

Тәрбиеші: Әже, Наурыз көже өте дәмді екен. Оны қалай дайындадыңыз?

Әже: Қарақтарым. Наурыз көже Наурыз мейрамының негізгі тамағы.

Оған 7түрлі тағам қосылады. Олар: қыстан қалған сүр, айран, сүт, тұз, құрт, тары, бидай. 7саны киелі сан. Ал наурыз көже тоқшылық белгісі.

Тәрбиеші: Әже, біздің балаларымыз наурыз көже туралы тақпақ айтқылары келіп тұр екен, олай болса кезекті балалар тақпақтарына берейік.

Аяу:

Бата беріп атамыз,
Бата беріп әжеміз
Тәтті болып жасаған
Көжеден дәм татамыз

Алдияр:

Құт бауырсақ шашылып,
Наурыз тойы ашылсын
Бір бірімен мына жұрт
Көрімдігін асырсын

Даяна:

Күттіріп келген жыл басы
Бізбен бірге жырлашы
Дастарханға елімнің
Береке ырыс сыйлашы

Тәрбиеші: Балалар қазақтың ұлттық ойыны қыз қуу ойынын ойнайық.

Шарты: Қыз қуу мерекелерде өткізілетін ат үстіндегі спорттық мәні бар ойындардың бірі. Қыз қуарға бір қыз, бір жігіт көз көрім жерге атпен жібереді. Барғанша жігіт қызбен әзілдесіп барады. Қайтарда Жігіт озуға тырысады, ал қыз жігітті қамшымен шықпыртуға тырысады. Ереже бойынша қыз жетсе, қамшының астына алуға хақылы. Жігіт тек тез қашуды және қамшы тигізбеуді көздейді. Көп жағыдайларда қыз қуып жетсе жігітке қамшы тигізбей, жай басынан қамшы үйіреді. Бұл жігіт үшін намысты жағдай.

Раяна:

Ой, халайық, халайық
Әсем әнге салайық
Наурыз тойын көңілді
Бірге қарсы алайық

Диана:

Осыншама жақсылық
Алып келген Наурызым
Төрлет бізге нұр беріп,
Шуақ шашып ақ жүзің!

Тәрбиеші: Дастарханымыздан ешқашан ырыс береке кетпесін дей отырып кезекті Дастархан әніне береміз.

Ән: «Дастархан»

Тәрбиеші: Қасиет еткен халқымыз,
Жаңғыртар дәстүр салтымыз

Сән салтымен ел көрікті

Салт дәстүрді сыйлау үлкен міндет.Бүгін біз қазақ салт дәстүрлерінің ішінен

Танабау тағу салт дәстүрін көрсетеміз.

Ұл бала алғаш рет әкесіне ,қыз бала шешесіне ілесіп,түрлі жұмыстарына қолғабыс тигізіп жүргенін бірінші рет көргенде туыс-туған, дос жаран, көрші қоландары:Балаларың жігіт болыпты ,бойжетіпті ,қажетке жарапты,деп жабыла құттықтап, балаға түйме тана,білезік сөлкебай тағып жібереді.Кейде оны көптің атынан бір барып тағып қайтады.Міне бұл «танабау тағу»деп аталады.Салт бойынша баласына «танабау» тағылған ата-ана бұл жағдайды міндетті түрде атап өтеді. Танабау шайына барған кісілер баланың ата-анасына «баланың танбауы» деп әртүрлі бағалы тартулар мен қой-қозы, тай-тайынша беріп, игі тілектерін айтады. Бұл дәстүр адамдар арасындағы достық сүйіспеншілік пен береке-бірлікті нығайтып,адамдарды күйініш-сүйініште бірге болуға шақырады.

Тәрбиеші: Біздің халқымыз осындай тамаша, тәрбиелік мәні зор салт дәстүрге бай халық. Ал біз кезекті халқымыздың, яғни мұсылман халықтарының төл мерекесі Наурыз мейрамына арналған тақпақтарға береміз.

Жанұлан.Е:

Бәйшешек гүл ашады

Мұздар сайға қашады

Суға толып өзен көл

Кемерінен асады.

Қызғалдақ:

Көктем гүлі сән қосқан сәнімізге

Құстар әні нәр берген әнімізге

Тәрбиеші: Жастардың сүйіп ойнайтын ойындарының бірі — «**Орамал тастау**». Ойнаушылардың саны көп болса, ойын соншалықты қызық болады. Ойнаушылар тең екі топқа бөлінеді де, арасы он адымдай екі сызықтың бойына қарама-қарсы қатарласа тұрады. Жүргізуші қолындағы орамалын бірінші топтың өз жағындағы шеткі ойыншыға береді. Ол өзінің қарсыласының біреуіне тастайды да: «қа» деп дауыстайды. Ол қағып «ғаз», дейді, болмаса «ла» дейді. Сонда «қағаз», «қала», т. б. сөздер шығады. Айтатын сөз екі буыннан ғана тұруы керек, мысалы «са» деп дауыстаса, «са-дақ», «са-қа», «са-бын»-, «са-қал», «са-рын» т. б. сияқты сөздер айтылуы керек.

Орамалды қағып алған ойыншы сол бірінші буынның сөзі шығатындай етіп айтуы керек. Егер ол екі буынға арналған сөздің алғашқы буынын тез, дұрыс тауып айта алмаса, онда ортаға шығып, өнер көрсетеді. Енді орамалды қарсыластар тобына өзі лақтырады.

Лақтырған кезде жаңағыдай сөздердің бірінші буынын айтуы керек. Жазаны жауап бере алмаған ойыншы да тартып, ортаға шығып өнер көрсетеді. Осылайша екі топтың ойыншылары орамалды бір-біріне лақтыра отырып ойынды жалғастыра береді.

Бұл ойын жастардың ойын дамытып, ана тілін жетік білуге, тапқырлық қасиеттерге үйретеді

Хақназар:

«Жақсылыққа жыл басы – Ұлы Наурыз»

Құтты болсын ағайын бәрімізге!

Нұрсерік

Наурызды халқымыз,

Жыл басы санайды.

Көнермей салтымыз,

Көп елге тарайды.

Айзере:

Өніп еккен дәніміз,

Бүршік жарды бағымыз.

Дастарқанда дәніміз,

Жайдарымыз бәріміз.

Тәрбиеші : Би « Қаражорға»

Тәрбиеші: Келесі кезекте балаларымыздың наурызға тақпақтарын тамашалайық

Ойын :Қол күрес

Мақсаты:Балалар бір бірімен қол күресу арқылы кімнің күші көп екенін бақылау.

Фатош:

Елім менен жеріме,

Ырысын шашқан **Наурыз.**

Күлімдеген көктемге,

Шуағын шашқан наурыз.

Аделя.А

Жеті түрлі дән салып,

Дәм татқызған наурыз.

Жақсылық тілеп халыққа,

Молшылық әкелсін наурыз.

Аделя.Е

Уа, ағайын халайық,

Мұнда назар салайық!

Мерекесі халықтың

Наурыз тойы бастайық!

Нұрислам.С

Наурыз келді еліме,

Наурыз келді жеріме.

Байлық, бақыт тілеймін,

Бүкіл қазақ еліне.

Ғафур

Жылдың басы **Наурыз**,
Жердің басы **Наурыз**.
Мерекеге арналсын
Бүгінгі жыр- әніміз.

Әбу

Наурызбен құттықтап,
Алыс жақын қауышты.
Көктемдегі жарқын сәт,
Көңілдерге ауысты

Ерасыл

Көктем келді, балақай,
Жасарды жер, алақай.
Наурыз тойын тойлайық,
Әсем әнге салайық.

Тәрбиеші: Тойла бүгін тауларым мен боз далам,

Тойла бүгін қарттарым мен бозбалам.

Мереке боп келген бүгін Наурызым!

Береке бол ешқашанда тозбаған! – дей отырып, ертеңгілігімізді аяқтаймыз.



«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны



«Ынтымағы жарасқан туған өлкем»

Тәрбиешілер: Голикова.Н

Ажибаева.М

2024-2025ж

Мақсаты: Көпұлтты Қазақстан Республикасының халықтар достығы – еліміздің бірлігінің кепілдігі екендігін таныту. Әр халықтың өнері, оның рухани байлығының негізін баланың жүрегіне өз ұлтының тілін, дінін біле отырып, өзге ұлттың рухани байлығын сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Плакаттар, қабырға газеттері, буклеттер, әр ұлттың тағамдары.

Жүргізуші: Армысыздар құрметті әріптестер, қадірлі балалар!

1-Мамыр – Қазақстан халқының ынтымағы мен бірлігі мерекесі құтты болсын!

Бүгінгі күн ерекше, өйткені 1-Мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесі қарсаңында «Ынтымағы жарасқан туған өлкем» атты ертеңгіл өткізіліп отыр. Қазақстан түрлі ұлттардың басын қосқан ұлы мекен. Олардың салт-дәстүрлері, тілі мен мәдениеті жоғалмас үшін қолайлы жағдай жасалған.

Қазақстан Республикасын мекен еткен 130 дан астам ұлт өкілі күні бүгінге дейін ынтымақтастыққа, бір үйдің баласындай тату-тәтті жарасымды тіршілік кешіп келеді. Жүзі басқа болғаны мен жүрегі бір, тілі басқа болғанымен тілегі бір, мақсат-мүддесі ортақ, бірлігі мықты, достығы берік ұлттар қазақ елінің салт-дәстүріне, ұлттық құндылықтарына құрметпен қарайды, сондай-ақ қазақ халқының қарапайымдылығы, қонақжайлылығы, бауырмалдылығы үшін ерекше бағалайды, бастысы-өздері қоныс тепкен Қазақстан жерінің барлық ұланымен ауыз бірлікте, туыс болуды көздейді.

Ата-бабам ежелден-ақ дос қылған,
Татар, қазақ болашақты тосты алдан,
Сол достығын тағы міне дәріптеп,
Бүгінгі күн мерекеде жайнаған.

Құрметті әріптестер және балалар! Жүздерімізге шуақ, бойымызға қуат әкелген 1-мамыр Қазақстан Халықтарының ынтымағы мен бірлігі күні құтты болсын! Біздің балаларымыз 1-мамыр күніне арналған тақпақтарын айтып берсін.

Нұрислам.Ж:
Елтаңбасы елімнің
Неткен әйбат әдемі.
Тұнығындай көңілдің
Ортада аспан әлемі.

Даяна:
Көрікті өлкеме қарашы,
Тізілген орман- тау, қаласы.
Алтай мен Атырау арасы,
Қазақтың кең- байтақ даласы.

Жанұлан.Е:
Ақ қара деп алдымен,
Елім бөлмес адамды,
Дәстүр, өнер, салтымен
Таңқалдырған ғаламды.

Диана:

Жырласа қазақ, түркімен,
Молдаван, тәжік үн қосқан.
Дос жүректер біріккен,
Мейірлері жарасқан.

Ахмедияр:

Тыңда, тыңда, тыңда мені,
Ұлы жұртым орыс халқым.
Сен тербетіп өсіргенсің,
Сенің даңқын, менің даңқым

Ән «Достық жыры»

Фатош:

Кім сүймейді ет жақынын, туысқанын,
Украина туысымның бірісің.
Тұрды биік туымыздай бұл достық,
Ел басына төнгенде де ұлы сын.

Аяу:

Қадірменді бір досымыз- өзбегім,
Қалтқысы жоқ демің бейне өз демім.
Өз сөзімдей жаңға жайлы сөздерің,
Өз көзімдей күлімдейді көздерің.
Дәм тұзымыз араласпыз әріден,
Дастарқандар жайылады сәнімен.
Палауыңмен бесбармағым сыбайлас,
Кезек жейміз алма, өрік дәміңнен

Айзере:

Жан біткендей жас тауға,
Шуақ ойнап арайлы.
Күн күлімдеп аспанда,
Мамыр әні тарайды.

Жайдары жаз түрге еніп,
Жадыратты жанымды.
Жер-дүние тербеліп,
Дала, қала құлпырды.

Аделя.А:

Болсын жер мен су да ортақ.

Болсын біздің ту да ортақ.
Ақпыз, қара, сарымыз,
Ағайынбыз бәріміз.

Нұрислам С:

Сары, ақпыз, қарамыз,
Бәрімізде баламыз.
Біз Отанда тұрамыз,
Біз мектепке барамыз.

Тәрбиеші: Ендеше ортаға әр ұлт бірігіп достық биін билейді.

Аделя.Е:

Алтай, Кавказ ұласып,
Бауырайы кең жатыр.
Бақытты әні асқақтап,
Құлаққа даусы кеп жатыр.

Раяна:

Қырғыз, қазақ, өзбектер,
Моңғол, ұйғыр, дүнгендер,
Армян, тәжік, грузин,
Орыс пенен украин,
Терезесі тең жатыр.

Айсұлу:

Енді бүгін қарасам,
Айналам бақыт кең жатыр.

Қызғалдақ:

Бірімен-бірі туысқан,
Қол ұстасқан ел жатыр.

Жанұлан.С:

Достығымыз жарасқан,
Ақпыз, қара, сарымыз.
Қара жер мен көк аспан,
Ортақ дала тауымыз.

Ән : «Ақ көгершін»

Аружан:

Ортақ жұтар ауамыз,
Ортақ жарық күніміз.
Достық туған анамыз,
Жердің қызы, ұлымыз..

Ғафур:

Қазақ елі-қашаннан да жыр елі,
Тарихында тұлғалар көп киелі.
Қазақстан аясында бұрыннан,
Бірнеше ұлт тату өмір сүреді.

Алдияр:

Бір-бірімен тату тәтті тұрады,
Бәрінің де Қазақстан — тұрағы.
Туған жерге тебіренген сәттерде.
Ағаларды өлең-жырдың бұлағы.

Ихсан:

Бойымызда бұлақ жатыр бұрқырап,
Сол бұлақтан сыр ағыздым жыр құрап.

Хақназар:

Тілейтінім барша ұлтқа бір ғана
Ырыс, бақыт, татулық пен ынтымақ!

Ерасыл:

Заман жаңа,ел жаңа,
Күлімдейді кең дала,
Өз Астанам- өз Ордам,
Сүйенерім сен ғана !

Би: «Қара жорға»

Айша

Разгорелся утром рано
Светлый праздник Казахстана
Всюду песни, танцы, смех
Этот праздник наш для всех!

Адина:

Латыши, украинцы, узбеки

И грузины у нас есть.

Приходите к нам на праздник,

Всех мы рады видеть здесь.

Айжұлдыз

Живем мы в разных селах,

И в разных городах.

Читаем, пишем, говорим,

На разных языках.

жүргізуші: Осымен 1 мамыр Қазақстан Халықтарының Бірлігі күніне арналған мерекелік бағдарлама аяқталды.Мереке құтты болсын

Ұлыстарымыз тамыр болған ежелден,

Кімдер қашсын қазақтайын ер елден

Достығымыз ғасырларға жарасқан

Туған елім,шарықтай бер кемелден!

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны



«Бала шақтан болашаққа»

«Айгөлек» тобы

Тәрбиешілер: Голикова.Н

Ажибаева.М

2024-2025ж

Жеке серіктегі:
Жүргізуші: Баршамызды бала тілмен баурайтын,

Бала деген бір бақыт қой самғайтын

Ата — ананың арманы мен тілегін,

Бала емес пе бал бұлақтан жалғайтын

Жүргізуші: Қымбатты қонақтар, ата-аналар, балабақша қызметкерлері! Бүгін бізде үлкен мереке. Яғни, бұл мереке-қуанышы мен қызығы мол балалардың«Балабақшамен қоштасу» мерекесі. Олай болса, бүгінгі кешімізді бастаймыз.

Бала-біздің болашағымыз. Ал әр бала ол-болашақ жарық жұлдыз. Бүгін біздің балабақшамыздан ұшқалы отырған бүлдіршіндер де болашақта еліміздің мақтанышына айналатын жарқын жұлдыздар болатынына сенеміз. Олай болса, болашақ жұлдыздарымызды қарсы алыңыздар.

(Балалар орындарына келіп тұрады)

Алтыннан ардақты

Күмістен салмақты бақшамыздың мақтанышы- Зере

Ақылына көркі сай

Біліміне өзі сай бақшамыздың алғыры- Медет

Ай десе аузы бар

Күн десе көзі бар бақшамыздың сұлуы- Асылым

Асқан білімді болатын

Жақсы мақтау алатын бақшамыздың білімпазы-Сардар

Әдемі ән айтатын

Көңілді боп үйге қайтатын бақшамыздың көңілді бүлдіршіні-Жанерке

Бойына жиған өнерді

Әнші, биші өнерлі өнерпазымыз- Жаңылсын

Отбасының берекесі

Ата-анасының еркесі- Асылым

Аспандағы жұлдыздай

Жағадағы құндыздай бақшамыздың ай-жұлдызы- Хадиша

(Мектепке баратын балалар кіріп өз орындарына келіп тұрады)

Жүргізуші: Қарашы, бүгінгі күн қандай,

Қалайша қаласың нұрланбай?

Вальс билесе түлектер

Жер шары айналып тұрғандай!

Би «Вальс»

Жүргізуші: Өтті қызық көп күндер

Алты жасқа жеттіңдер

Барасыңдар мектепке

Бір белестен өттіңдер

Өсті міне бойларың

Өсті ақыл-ойларың

Қуанышқа ортақпыз

Құтты болсын тойларың

Балалар тақпақтар айтады

Жүргізуші: Думандатып бақшада

Қызықты той басталсын.

Балабақшатүлектері

Әдемі ән шырқасын.

Ән «Балабақша әні»

(Музыкамен Спортокус, Кесірбек Робби мен Стефани кіреді)

Стеф: Сәлеметсіңдер ме балалар? Мерекелерің құтты болсын.

Спорт: Осында мектепке баратын балалар бар деп естіген соң сендерге ертегілер елінен қонаққа келдік.

Кесір: Иә. Мен де сендермен мектепке барғым келеді.

Стеф: Жоқ, Кесірбек! Сен мектепке баруға әлі дайын емессің.

Тәрбиеші: Иә, Кесірбек! Сені біз мектепке жібере алмаймыз.

Кесір: Неге дайын емеспін? Неге мені мектепке жібергілерің келмейді, мен түсінбеймін. Маған себебін айтыңдаршы.

Жүргізуші: Кесірбек Робби! Неге сен айнаға зер салып қарамайсың

Неге шашыңды дұрыстап тарамайсың

Неге таңертең беті-қолыңды жумайсың

Неге мына тырнақтарыңды алмайсың

Спорт: Иә, Кесірбек! Тәрбиеші апай өте дұрыс айтады.

Неге үнемі кір болып жүресің

Неге тек біреуге кесір тигізуді білесің

Неге мен секілді спортпен шұғылданбайсың

Неге сен ата-ананың айтқанын ұғып алмайсың

Тәрбиеші апай: Иә, сен сияқты кір-қожалақ баламен ешкім де дос болғысы келмейді. Мектепке баратын балалар таза жүру керек. Олар білімді, ақылды болу керек. Біздің мектепке баратын балаларға қарашы, қандай ұқыпты, таза.

Стеф: Кесірбек! Тәрбиеші апай өте дұрыс айтады. Сен тағы да кесіріңді біреуге тигізіп жүрерсің, одан да бармай-ақ қой. Тіпті сен Спортokus сияқты спортпен де айналыспайсың ғой, мектепке қалай бармақсың?

Кесір: Мен мектепке барғым келеді.

Апай: Ал сен мектепке баруға дайынсың ба?

Кесір: Иә. Міне қараңыз, мен мектепке апаратын заттарымды портфеліме салып қойдым.

Апай:Кәне, портфеліңде не бар көрейікші. (Апай портфеліне салынған заттарды қарайды.)

Кесір: Міне, бәрі дайын. Мынау сабақта шөлдесем ішетін суым. Мынау-кәмпит, мынау-бәліш, қарным ашқанда жеймін. Ал мынау жастық, сабақта шаршағанда ұйықтаймын, ал мынау будильник мені оятады.

Апай: Иә, керемет! Сонда сен оқулықтарыңды қайда саласың?

Кесір: Білмеймін.

Апай: Балалар, Кесірбек мектепке апаратын заттарын портфеліне дұрыс салып па? (Жоқ)

Олай болса, көмектесейік.

Ойын «Портфель»

Кесір: Балалар, мен енді түсіндім, жастықпен үйдегі төсекте ұйықтаймын, сағатты да үйге апарып қоямын, мені ерте ояту үшін. Ал бәліш пен кәмпитті сабаққа апаруға, сабақта тамақ жеуге болмайды. Бұдан былай мен енді:

Таң атқанда ұйқымнан ерте тұрамын

Тісімді тазалап, беті-қолымды жуамын

Әрқашан ұқыпты, таза жүремін

Мен енді әдепті бала боламын.

Мен де енді мектепке барамын

Оқып, білім аламын.

Апай: Мінеки Кесірбек сен енді жарадың

Мен сені мақтан тұтатын боламын. (құшақтайды)

Кесірбек! Сен енді мектепке баратын болдың. Ал мектеп не үйрететінін білесің бе? (Жоқ) Олай болса, мектеп неге үйрететінін саған балалар әсем әнмен айтып берсін.

Ән «Мектеп бізге үйретеді»

Спорт: Балалар, сендер спортты жақсы көресіңдер ме? (иә) Кәне, олай болса менімен қосылып спорттық би билеңдер.

Би «Спорт биі-флешмоб»

Кесір: Апай, мен енді мектепке баратын болдым ғой. Олай болса мен барып мектепке апаратын заттарымды дайындай берейін.

Стеф: Олай болса біз саған көмектесейік.

Спорт: Балалар, онда бәріміз күзде мектепте кездесейік. Сау болыңдар! (Үшеуі кетеді)

Жүргізуші: Балалар, мен бір дыбыс естігендей боп тұрмын.

Радио: Тыңдаңыздар! Тыңдаңыздар! Құрметті ата-аналар! «Бақытты балалық шақ» әуе ұшағы «Нұрбөпе» балабақшасына келіп қонғалы тұр. Ертеңгілік барысында ұялы телефонды өшіріп, дабыр сөзді тоқтатып, қолдан келгенше балалардың әр сөзін мұқият тыңдап, өнерлеріне тамсанып, қуаныштарын бірге бөлісулеріңізді сұраймыз.

(Ұшатын табақшадан түсіп томпақ кіреді)

Жүргізуші: Бұл кім балалар? (Томпақ) Дұрыс айтасыңдар.

Томпақ: Сәлеметсіңдер ме, балалар?

Жүргізуші: Қош келдің, Томпақ! Біз сені көріп қуанып қалдық.

Томпақ: Мен сендерге аспан әлемінен ұшып келдім. Мен сендерді мектепке барғалы жатыр деп естідім. Ал мектепке баратын балалар білімді, өнерлі болатынын білем. Себебі, сендердің шырқап салған әндерің аспанға маған естіліп тұрады. Аспаннан жерде не болып жатқанның бәрін көріп отыруға болады.

Жүргізуші: Олай болса, саған аспанға естіліп тұратын «Балабақша» әнін орта топтың балаларының орындауындағы тыңдайық

Ән «Балабақша, қош енді»

Жүргізуші: Томпақ! Бүгін біздің арамызда балабақшамен қоштасып, мектепке барғалы отырған балалар бар. Сол балаларға кішкентай топтың бүлдіршіндері ақ жол тілеп, өздерінің тамаша билерін тарту етпекші. Соны тамашаласақ қайтеді?

Томпақ: Әрине, тамашалайық.

Би «Современный би»

Томпақ: Мен мына кішкентай бүлдіршіндердің биін тамашалап, риза болып кеттім. Бәрі шетінен өнерлі екен.

Жүргізуші: Бұл балалардың өнерлі боп өсуіне көп көмек берген осы балабақшаның апайлары. Ендеше, балдай тәтті балаларымыздың осы балабақша қызметкерлеріне арнаған жыр шумақтарын тыңдайық.

Орын берген бақшадан

Меңгеруші жақсы адам

Сондықтан да біз үшін

Артық өзі басқадан

Бұл бақшаның жүрегі

Бөбектердің тірегі

Ол апай ғой

Оны бәрі біледі.

Әдіскер бар бақшада

Талапты, әрі әдемі

апайдың байқасақ

Әрбір сөзі мәнерлі

Бөбектерге үлгі боп

Ашты білім есігін

Мансия апайлар

Жүректе қалар есімің.

Ақ халатты киеді

Аппақ болып жүреді

Надежда апай тілейді

Балалар ауырмай жүрсін деп,

Денсаулығы мықты боп

Ұзақ өмір сүрсін деп.

Ас әзірлеп бақшада

Көңіл бөлер бақшаға

Дәмді тағам дайындау

Еңбек қой бұл қаншама

Қолы алтын аспазшылар

Ешқашан да шаршама!!

Гули апай біздерге

Әсем әндер үйретеді

Тал шыбықтай иілген

Ұл-қыздарды билетеді

Сіздерге шексіз алғысты

Айтып жүреміз үнемі

Балабақша-бесігім

Қайсысын айтып бітейін

Алғыс айтып кетейін.

Біздер үшін еңбек еткен шаршамай

Баршаңызға рақмет апайлар

Көмекші апай сізді де

Еске аламыз ешқашан да ұмытпай!

Жүргізуші: Иә. Бұл бақшадағы әрбір апайдың есімі балалардың жүрегінде мәңгі жатталып қалатыны сөзсіз. Әсіресе, тәрбиешілердің ерен еңбегі ешқашан да ұмытылмас. Олай болса, келесі әнімізді тәрбиеші апайларға арнаймыз.

Ән «Тәрбиеші»

Жүргізуші: Қуаныштан шаттанып

Той тойлайық алақай.

Көңілденіп шаттанып

Би билейік балақай!

Орта топтың балаларының орындауында тамаша биді тарту етеміз. Қабыл алыңыздар.

Би «Көңілді»

Томпақ: Балалар, мен сендердің мерекелеріңе қызыққаным соншалық, уақыттың қалай өткенін де байқамай қалыппын. Рұқсат болса, мен енді аспан әлеміне қайтайын. Ал сендер мерекені ары қарай тойлай беріңдер.

Балалар: Жарайды.

Томпақ: Ендеше, сау болыңдар, балалар! (Томпақ кетеді)

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар! Бүгін бақшамыздан ұшып бара жатқан түлектерімізге тек қана ақ жол тілеп, білім көгінде қанаттары талмай самғай берсін деген тілек айтамыз. Келесі құттықтау сөз кезегін бақшамыздың меңгерушісі Зауреш апайға береміз.

Марапаттау сәті

Жүргізуші: Осымен балалар мерекесіне арналған ертеңгілігіміз аяқталды. Келгендеріңізге көп рахмет! Сау болыңыздар!